

ББ 6В07105 – Индустриалдық инженерия

Білім беру бағдарламасының мақсаты — тұрақты дамуға ықпал ететін машина жасаудың инновациялық және тиімді технологияларын жобалауға және енгізуге, техникалық сауатты, әлеуметтік жауапкершілікті және креативті ойлау қабілеті бар, заманауи өнеркәсіптің сын-қатерлеріне жауап бере алатын экологиялық бағдарланған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жоғары білікті мамандарды кәсіби даярлау.

Даму жоспары

1. Оқу жоспарын жетілдіру:
 - Цифрлық машина жасау, тұрақты технологиялар, автоматтандыру және робототехникаға баса назар аудара отырып, пәндерді жаңарту.
 - Нақты өндірістік кейстер негізінде жобалық оқытуды енгізу.
2. Кадрлық әлеуетті дамыту
 - Оқытушылардың біліктілігін арттыру, сала бойынша кәсіпорындарында тағылымдамадан өту.
 - Пәндер мен мастер-класс жүргізуге сала бойынша мамандар мен практиктерді тарту.
3. Инфрақұрылым және цифрландыру
 - CAD/CAM-жүйелерімен қоса зертханаларды заманауи жабдықтармен жарактандыру
 - Онлайн-курстар мен цифрлық тренажерларды әзірлеу.
4. Халықаралық ынтымақтастық
 - Қос дипломдық бағдарламаларын және академиялық ұтқырлық алмасуын құру.
5. Индустриямен өзара іс-қимыл
 - Кәсіпорындарда тәжірибелер мен тағылымдамалар жүйесін дамыту.
 - Өндірістермен бірлесіп студенттердің ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жобаларға қатысуы.

ББ дамыту тиімділігін бағалау

- Түлектердің мансаптық траекторияларының мониторингі.
- Студенттер мен жұмыс берушілердің қанағаттануын бағалау.
- Ғылыми еңбектерді жариялау және студенттердің конференцияларға қатысуы.
- Бағдарламаның халықаралық деңгейде танылу деңгейі.

ББ БІРЕГЕЙЛІГІ

1. Бағдарлама машина жасау, экономика, менеджмент, ақпараттық технологиялар және тұрақты даму **білімдерін үйлестіреді**. Бұл түлектерге кешенді инженерлік міндеттерді шешуге дайын жан-жақты маман болуға мүмкіндік береді.

2. Инновацияға бағдар жасау

Цифрлық өндірісті, робототехниканы, аддитивті технологиялар мен «ақылды фабрика» технологияларын қоса алғанда, машина жасаудың **инновациялық және тиімді технологияларын** жобалауға және енгізуге назар аудару.

3. Тұрақты даму басымдық ретінде

ББ білім алушыларға экологиялық қауіпсіздік жағынан, қорларды үнемдеу және әлеуметтік жауапкершілік қағидаларын жүйелі түсінуді қалыптастырады, бұл әсіресе Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) іске асыру тұрғысынан өзекті.

4. Креативті инженерлік ойлауын дамыту

Бағдарлама **стандартты емес ойлауға**, өндірістік процестерді жобалау мен оңтайландырудың жаңа тәсілдерін іздеуге қабілетті инженерді тәрбиелеуге бағытталған.

5. Тәжірибеге бағдар жасау

Студенттерді индустриялық серіктестер базасында жобалау қызметіне, өндірістік тағылымдамаларға және кейс-оқытуға кеңінен тарту, оқыту барысында нақты кәсіби тәжірибені қалыптастырады.

6. Әлеуметтік маңыздылығы

Бағдарлама тек техникалық ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және экологиялық құрамдас компоненттерін ескере отырып, шешім қабылдауға қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

7. Жаһандық және ұлттық қажеттілік

Түлектер цифрландыру және тұрақты даму саласындағы құзыреттер арқасында ішкі нарықта да, жаһандық өнеркәсіптік бәсекелестік жағдайында да жұмыс істеуге дайын.